

ОТАН ТАРИХЫНЫҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАРИХ

Сабитова Айя

sabitova_sa@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультеті

«Тарих» мамандығының 2-курс магистранты

Ғылыми жетекшісі – т.ғ.к., доцент Н.А. Мұхаметжанова

2020 жылы Қазақстан Ұлы Абайдың 175 жылдық мерейтойы аталып өтуде. «Егемен Қазақстан» газетіне сұхбат берген ҚР Президенті Қ-Ж.К. Тоқаев «Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты. Ол «Біз ғылымды сатып мал іздемек емеспіз», – деп тұжырымдап, керісінше, ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керектігіне назар аударды. Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет. Бұл тұжырымдар қазір де аса өзекті. Тіпті бұрынғыдан да зор маңызға ие болып отыр. Себебі ХХІ ғасырдағы ғылымның мақсаты биікке ұмтылу, алысқа құлаш сермеу екенін көріп отырмыз» [1] дей келе ұлы ғұламаның білім мен ғылымға ұмтылуы туралы құнды ой-пікірлері болашақ жастар үшін қымбат екеніне тоқталып өтті. Тәуелсіз елдің жастары өзінің зеректігімен, жан-жақтылығымен ерекшеленіп, олардың санасының қалыптасуында тарих ғылымы маңызды орынға ие. Хакім Абайдың өнегелі ойлары тарих ғылымының жаңа сарынмен дамуына ықпалын тигізетініне нық сеніммен айтуға болады. Отан тарихының әрбір кезеңі әлі де зерттеуді қажет ететін тақырыптардың көптігімен сипатталады. Тәуелсіздік алғаннан кейін тарих ғылымында көп өзгерістер, қайта пайымдаулар жүзеге асты және жаңа тақырыптар ауқымын кеңейтті.

Отан тарихының зерттелмеген бағыттарының бірі экологиялық мәселелер болып табылады. Зерттеуші Қ. Кенжин экология мәселелерінің бастауында адам мен табиғат арасындағы байланыс түр деген қорытынды жасайды. Адам мен табиғат арасындағы байланыс ертеден бастау алады. Егер адам мен қоғамды табиғат дамуының нәтижесі ретінде қарастырсақ, онда бұл екі ұғым арасында үлкен байланыс бар екендігіне көз жеткіземіз. Яғни экология ұғымы «адам-табиғат», «адам-әлем» ауқымдылығымен сипатталады [2, 5-б.].

Экология тарихы, мәселелері мен теориясы жөнінде көптеген жұмыстардың авторы Р.С. Сартаева экологияға кең тұрғыдан сипаттама береді. «Планетарный масштаб современной деятельности человека способствовал включению проблем человека в предметную область экологии. Из частной биологической дисциплины она превращается в колоссальную междисциплинарную область – меганауку, занимающуюся исследованием воздействия на биологические объекты не только естественных факторов среды, но и многочисленных процессов антропогенного характера. Поэтому, как считают многие ученые, в современном научном толковании «экология» понимается и как комплексная наука, и как общенаучный подход, и как мировоззрение. Такая «новая» экология, на наш взгляд, явилась одним из важнейших катализаторов в начавшемся процессе смены научных парадигм [3, 5-б.]. Ғалым Раушан Сұлтанқызы экология мәселелерінің ғылымның көптеген бағыттары мен салаларында көрініс табуы заман талабына сай екендігі жөнінде қорытынды жасайды.

2018 жылы жарық көрген монографиялық жұмысында зерттеуші Ә.С. Бейсенова экология ғылымының қалыптасуы, таралуы, оның халыққа әкелетін зияны жайлы қарапайым ұғымда жазылған деген пікір білдіреді. Жалпы тіршілік дүниесінің дамуын, өзгерісін, адам табиғатты қалай игергені жайлы ғана жазылған. Ең жоғарғы сатыдағы пайда болған адам заттың табиғатты қарапайым түрінде қабылдап, пайдалана білген. Жалпы тіршілік дүниесінің ХХІ ғасырда ғылыми техникалық прогресстің нәтижесінде көптеген айтылып жүрген табиғаттың болмысын, дамуын, өзгеруін қайта қарап, нақтылы ғылыми негіздерге құралған, жаңаша атаулармен бірге оны бірнеше ғылыми салаларға бөліп, олардың өзара байланыстығын ашты [4, 5-б.].

Алғашқы экологиялық зерттеулердің элементтерін көне дәуір оқымыстылары Эмпедокл, Гиппократ, Аристотель еңбектерінен білуге болады. Табиғи құбылыстарды зерттеушілер өсімдіктер мен жануарлар тіршіліктеріндегі морфологиялық, физиологиялық бейімдеушіліктерді оның қоршаған табиғи ортасына тәуелді екендігі шеңберінде экология ғылымының қалыптасуын негізгі үш кезеңге бөліп қарастырады. Бірінші кезең – биоэкологиялық жаппай сипат алу кезеңі. Бұл кезең ХУІІІ ғасырдың аяқ шегін қамтиды. Мәселен К. Линей, Ч. Дарвин, Э. Геккель және т.б. Бұл ғалымдар экология ғылымының дамуына өз үлестерін қосты. Осы кезеңде Ч. Дарвиннің (түрлердің шығу тегі), В. Докучаевтың (ландшафтылар туралы ілімі) экология ғылымының негізін қалады. Екінші кезең ХІХ ғасырдың басы мен ХХ ғасырдың 70-80 жылдарын қамтып, экология ғылымының жеке ғылым ретіндегі қалыптасып, даму кезеңі. Бұл кезең Э. Геккель, Е. Варминг, К. Мебиус және т.б. шетелдік табиғат зерттеушілерімен қатар орыс ғалымдарының да есімдерімен байланысты. Үшінші кезең – экология ғылымының өрлеу кезеңі. Қазіргі заманғы экология бүкіл әлемдік ғылымдар мен әлеуметтік, экономикалық жағдайлар және проблемаларды қамтитын деңгейге жетіп отыр [4, 5-6-бб.].

Экологияның білім мен тәрбие берудегі дүниежүзілік даму кезеңдері әр қилы болып келеді. Ең алдымен БҰҰ деңгейінде ұйымдастырылған (ЮНЕСКО) «Адам мен биосфера» атты бағдарлама қабылданды. Онда алғаш рет халықаралық деңгейде биосфера ресурстарын қорғау және тиімді пайдалану туралы бағдарламада экологиялық сипат басымдық алды. 1971 жылы Швейцарияда Еуропалық конференция шақырылып, онда қоршаған табиғи орта, табиғат қорғау мәселелері көтерілді. 1972 жылы Стокгольмде «Қоршаған ортаны қорғау» туралы білім беру, 1977 жылы Тбилиси қаласында БҰҰ жанындағы ЮНЕСКО және ЮНЕП ұйымдарында «Экологиялық білім беру» туралы 40-тан астам шешімдер қабылданып, онда ғаламдық, стратегиялық жоспарлар қабылданды. Экологиялық білім берудің одан әрі даму кезеңдері атақты Найроби (1982), Беч (1983), Мәскеу (1987) және т.б. конференцияларымен жалғасады. Экологиялық мәселелер ғаламдық масштабқа ие болып, әлем қалаларындағы бастамалар мемлекеттердің ішкі және сыртқы саясаттарында көрініс табады. Осы бағытта Тәуелсіз Республикамыздың парламенті мен үкіметі «Қоршаған табиғи ортаны қорғау» Заңы (1997), «Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы» (1996), «Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғаудың ұлттық жоспары» (1996) және т.б. маңызы зор құжаттар қабылданды [4, 6-7-бб.]. ҚР Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаев қолдауымен 1999 жылы республикада «Экологиялық білім бағдарламасы», «Экологиялық білім тұжырымдамасы», т.б. құжаттар қабылданды. Мектептер үшін экологиялық білім беру бағдарламасы жасалып, оқулықтар мен оқу құралдары жарық көрді. Осының көбісі «Қазақстан 2030» бағдарламасы арқылы іске асып үлгерді. «... нашар экологиялық жағдай өлімнің 20 пайызына себепші, ал кейбір өңірлерде жағдай тіптен мүшкіл» деген Елбасы Н.Ә. Назарбаев экология мәселесіне назар аудару қажеттігін айтты. Қоршаған табиғи ортаның бұзылуы, ластануы адамға кері әсер етіп, жалпы тіршілік атаулыға кері әсер етеді. Адам мен табиғаттың өзара қатынасы экология ғылымы ауқымының кеңеюіне алып келді [5, 3-б.]. Экология мәселесінің стратегиялық құжатта көрсетілуі кейінгі жылдардағы аталған мәселені назарда ұстағанының айқын көрінісі болып табылады.

2003 жылы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасына» (№ 1241 Жарлығымен) қол қойды.

Бұл – Қазақстанда қалыптасып отырған экологиялық ахуалды жақсартудың шараларын белгілеген аса маңызды құжат болып есептеледі [6, 7-б.].

Мұнан бөлек 2006 жылдың 28-тамызындағы «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясында» Қазақстанның аумақтық даму аспектілерінің негізі ретінде экологиялық ахуал негізге алынды. Елдің 2015 жылға дейінгі даму стратегиясында экологиялық ахуалдың нашарлауы, табиғатқа антропогендік әсердің күшеюі салдарынан өмір сүру ортасының тозуы және соның нәтижесінде өмір сүруге және шаруашылық қызметке қолайлы аумақтардың азаюы кеңінен қарастырылады [7, 194-б.].

Қазақ халқы ежелден-ақ табиғат болмысын бүкіл өзінің шаруашылығының дамуы мен қалыптасуының, тіршіліктің даму жүйесінің көзіне айналдырған. Қазақтың көшпелі өмірінің өзінде табиғатты пайдаланумен қатар, оны аялаудың, қорғаудың тамаша үлгілері қалыптасқан. Осы арқылы болашақ ұрпақ бойына табиғатпен етене жүруді сіңіріп отырған жайлау, қыстау қоныстарын жүйелеген. Сол арқылы өсімдіктің жетілуін, топырақтың құнарсызданбауын алдын ала болжап, бағдарлап отырған. Осы тәрбие ұлттық дәстүрге айналып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан. Қазақ ақындарының (Абай, Сәкен, Мағжан, Ілияс, Сәбит, Қасым, т.б.) жырларында кездесетін табиғат суреті, оның болмысы мен сыры осы дәстүр негізінде туған, мұның тәрбиелік мәні мен маңызы ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалып отырған [6, 5-б.].

Ата-бабамыз көне дәуірден-ақ табиғат сырын өзінің болашағымен, арманымен ұштастыра білгені «Алтай», «Алатау», «Сарыарқа», «Сарыжайлау» деген атаулардан-ақ көрінеді. Елінің табиғатының ерекшелігін түсінуге, ұрпақты елжандылыққа, табиғатты қорғауға баулуы осы ұлттық идеяның негізі. Сөйтіп, бүкіл болмысын, тіршілігін табиғаттың даму заңдылығымен ұштастыра отырып, біздің халқымыз этноэкология ғылымының негізін салды деп айтуға болады. Бүгінгі күнде ғасырлар бойы қалыптасқан этноэкологияның мазмұнды тәжірибесін жас ұрпаққа экологиялық білім беруге пайдаланудың ерекше қажеттілігі осыдан туады [6, 5-6-бб.]. Отан тарихының әрбір кезеңі экология мәселесімен тығыз байланыста болып, оның барысы мен сипатына әркелкі әсер етіп, болашағын айқындап отырды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қ-Ж.К. Тоқаев. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан // Егемен Қазақстан. 2020 ж. - № 5 (29734). – 9 қаңтар. 2 б.
2. Кенжин К. Экологический кризис: сущность и история. – Алматы: Жибек жолы, 2007. – 176 с.
3. Сартаева Р.С. Экология человека, новая онтология и устойчивое развитие Казахстана. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2012. – 207 с.
4. Бейсенова Ә.С. Қазақ елінің экологиялық ахуалы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2018. – 392 б.
5. Найзағараева Е.К. Әлеуметтік экология пәнінің қалыптасуы мен дамуы: философиялық талдау: Философия ғылым. канд. ғылыми дәреж. алу үшін дайындал. дисс. авторефераты. – Алматы, 1999. - 18 б.
6. Бейсенова Ә.С. Экология – ел тағдыры. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2006. – 208 б.
7. Қазақстан Республикасы Ұлттық Мұрағаты. 133 Қор. 1 Тізімдеме. 1286 Іс. 189-233-бб.